

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

2021 жылғы 29 желтоқсан жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Е.Л.Тоғжановқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

«Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» атты Сайлауалды бағдарламасында жас ұрпақтың саналы тәрбие, сапалы білім алуына барлық қолайлы жағдай туғызу ерекше міндет екені атап көрсетілгенін тағы еске салып отырмыз.

Себебі, 2021 жылғы 2 қарашада Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Сіздің атыңызға депутаттық сауал жолдаған болатынбыз.

Онда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесіне» енгізілген жалпы білім беретін қазақ мектептерінің 4-сынып оқушыларына арналған «Русский язык» оқулығында жіберілген қателіктер жөнінде жазғанбыз.

Атап өтсек, 2019 жылы «Алматыкітап» баспасынан 260 мың тиражбен шыққан оқулықта мемлекеттік рәміздер авторларының аты-жөнінде өрескел қателіктер орын алған. Біріншіден, Мемлекеттік тудың авторы Ш.Ниязбековтың тегі Ниязбаев деп жазылған, кейінгі екі жылда қайта басылған 40 мың таралымда бұл түзетілсе де, Мемлекеттік гимн авторларының бірі, атақты композитор Ш. Қалдаяқов мүлдем енбей қалған.

Міне, осы мәселені көтеріп жазған депутаттық сауалымызға Білім және ғылым бірінші вице-министрі Ш. Кариновадан келген жауап қанағаттанарлықсыз деп айтуға тура келеді.

Онда біз көтерген мәселе талап деңгейінде қамтылмаған. Министрліктің жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу басталғанын, үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары бекітілгені және тағы басқа іс-шаралардың қолға алынып жатқанын баяндаумен шектелген.

Ал, депутаттық сауалға негіз болып отырған мәселе – аталмыш оқулық, бүгінгі таңда сол оқулықта кеткен қателіктер қалай түзетіліп отырғаны туралы еш айтылмаған.

Бұл бір оқулықтағы қателер алдағы уақытта оқулық авторлары мен баспагерлерге сабақ болуы керек еді. Бұл жөнінде де бір ауыз сөз жоқ.

Құрметті Ералы Лұқпанұлы!

Әрбір ресми жауап нақты және мазмұнды болуы тиіс екені бәрімізге белгілі. Өзіміздің жіберген депутаттық сауалға да осы талап тұрғысынан қараймыз.

Жоғарыдағы мәселелерді айта келе, елімізде көпшіліктің назарын аударып отырған мектептегі пәндік оқулықтардың сапасын жақсарту барысында министрлік тарапынан атқарылып жатқан іс-шаралардан біздің сайлаушылар хабардар болуға толық құқылы.

Осыған байланысты министрлік өз есебін жариялық тұрғысында ұйымдастыруы қажет деп санаймыз.

Сауалды қарау нәтижелері туралы жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес беруді сұраймыз.

**Құрметпен,
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары, «Nur Otan» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**М. Төлепберген
Д. Мыңбай
Ж. Әшімжанов
А. Үйсiмбаев**

*орын. Ә. Қапезова
тел. 746789*